

I МОДУЛЬ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР
БОҰЫНША
СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

4-сабақ Келісімдік іс жүргізу үкімі



1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

мәжбүрлі төлем
процестік шығындар
орта санатты қылмыс

келісім жасасу туралы өтінішхат
заңсыз иемдену есепке тұру
сот шығындарын төлеу

жаза тағындауды сұрау
келісімдік іс жүргізу
талқылау
қалалдемелерді қауламау
келтірілген зиянның сипаты
келісімдік іс жүргізу
бас бостандығынан ағыру



2. Тыңдаңыз, бос орынды толтырыңыз.

заңсыз

есепке

сот шығындарын

бас бостандығынан

жаза тағындауды

келісім

келісімдік іс жүргізу

қалалдемелерді

келтірілген зиянның

келісімдік

процестік



3. Туісті сөздерді жазыңыз.

иемдену

тұру

төлеу

ағыру

сұрау

қылмыс

туралы өтінішхат

жүргізу талқылау

қауламау

сипаты

жүргізу

шығындар

есепке

сот шығындарын

келісімдік іс жүргізу

орта санаттағы

заңсыз

келісім жасасу

жаза тағындауды

келісімдік іс

қалалдемелерді

процестік

бас бостандығынан

келтірілген зиянның



4. Мәтінді тыңдаңыз. Бос орындарды толықтырыңыз.



Қарағанды облысы Абау аудандық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.А.Оспанов,

А.А.Омарованың хатшылығымен,
мемлекеттік айыптаушы – прокурор А.Б.Хасенов

сотталушы Ж.А.Алтыновтың,

қорғаушы-ақвокат С.М.Қалиевтің қатысуымен

ашық сот отырысында қылмыстық істі келісімдік іс жүргізуде қарады,

Жанқос Ақылұлы Алтынов 1962 жылы 13 қыркүйекте Қарағанды облысында
туған, ҚР азаматы, қазақ, _____, бұрын _____,

«Алтынов» шаруа қожалығының иесі, Жезқазған қаласы, Сауқалы көшесі, 11-үй
тұрғыны, сот отырысының _____ мен _____

хабардар етілген, ҚР ҚК-нің 287-бабының 3-бөлігінде көзделген қылмыстық
_____ сотқа берілген.



5. Мәтін бойынша ақпараттың құрыс-бұрысын анықтаңыз.(+/-)

Қарағанды облысы Абау аудандық соты құрамында
төрағалық етуші судья А.А. Оспанов



сот отырысында қылмыстық істі келісімдік іс жүргізуде қарады



Жанқос Ақылұлы Алтынов 13.09.1962 жылы Қарағанды
облысында туған



бұрын сотталған



сот отырысының өтетін жері мен басталатын уақыты
туралы хабардар етілген



Жезқазған қаласы, Сауқалы көшесі, 11-үй тұрғыны



5. Берілген жауаптарға сұрақ қойыңыз.

Құқықбұзушының аты жөні кім?

Жанқос Ақылұлы Алтынов

орта білімді

үйленген

Жезқазған қаласы, Сауқалы көшесі,
11-үй тұрғыны

сотталмаған

қазақ



7. Мәтінді оқыңыз.

Сотталушы Ж.А.Алтынов Абай аудандық прокурорымен кінәні моындау туралы процесстік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеп, төмендегідей процесстік келісімге келген.

Сотталушы сотта келісімдік іс жүргізуді талқылау кезінде кінәсін толығымен моындауды, келтірілген күдікке, айыптауға және жасалған қылмыс туралы істегі бар дәлелдемелермен келісуге қауламауға, келтірілген зиянның сипаты мен мөлшеріне келісетінін, қылмыстық іс бойынша сот сараптамасына жұмсалған сот шығындарын төлеуге, прокурор өтінішхатында сотталушы Ж.А.Алтыновты ҚК-нің 287-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танып, 2 жыл мерзімге бас бостандығына шектеу жазасын тағайындауды сұраған.

Ж.А.Алтынов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 287-бабы 3-бөлігімен көзделген орта санатты қылмыс жасаған, яғни, атыс қаруын заңсыз сақтаған.



8. Мәтіннің мазмұны бойынша сәйкестендіріңіз.

1. Кінәні моындау туралы	талқылау кезінде кінәсін	кінәлі деп танылған
2. Сотталушы сотта келісімдік іс жүргізуді	орта санатты	төмендегідей процесстік келісімге келген.
3. Сотталушы Ж.А.Алтыновты	ҚК-нің 287-бабының 3-бөлігімен	толығымен моындауды міндеттеген
4. Қылмыстық кодексінің 287-бабы 3-бөлігімен көзделген	процесстік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеп	қылмыс жасаған



9. Мәтін бойынша сөз тіркестерінің дұрыс нұсқасын белгілеңіз.


процесстік келісім



жаза тағайындау



келісімдік іс жүргізу



келтірілген күдік




толығымен моындауға



дәлелдемелерді қауламауға



орта санаттағы





10. Мәтінді тыңдаңыз. Етістіктерді жазыңыз.

Сот отырысында сотталушы өзінің кінәсін толық мойындап, процесстік келісімге келісетінін _____. Прокурор сотталушыға процесстік келісімде көрсетілген жаза мен пробациялық бақылау тағайындауды _____.

ҚК-нің 55-бабы 3-бөлігінің талаптарына сәйкес, жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру істері бойынша, процесстік келісімнің барлық шарттары орындалған істер бойынша жасалған қылмыстық құқықбұзушылық үшін жазаның негізгі түрінің мерзімін немесе мөлшерін ең жоғары мерзімнің немесе мөлшердің жартысынан асыруға _____.

Жаза тағайындағанда сот, жоғарыда көрсетілген сотталушының жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайлардың жиынтығын және оның қылмыстық құқықбұзушылықтан кейінгі іс-әрекеттерін, жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесін азайтатын ерекше мән-жайлар _____, оған ҚК-нің 287-бабының 3-бөлігінде көзделген жаза түрін, бас бостандығына шектеу түрінде жаза _____ жеткілікті деп _____.

Айғақ заттар мәселесін шешу Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 118-бабының тәртібімен _____. Сот сараптамаларын өткізуге кеткен процесстік шығындар сотталушымен _____.



11. Мәтін бойынша тиісті сөздерді қойыңыз.

пробациялық _____
бас бостандығынан _____
тергеп _____
айғақ заттар мәселесін _____
қауіптілік дәрежесін _____
тағайындауды _____
сот сараптамаларын _____

өткізу
тексеру
азайту
шектеу
сұрау
шешу
бақылау



12. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

жаза тағайындауды сұрау _____
келісімдік іс жүргізуді _____
талқылау _____
қәлелдемелерді қауламау _____
келтірілген зиянның сипаты _____
келісімдік іс жүргізу _____
бас бостандығынан айыру _____



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ҮКІМ

2020 жылғы 18 ақпан

№ _____ іс

Абау қаласы

Қарағанды облысының Абау аудандық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.А.Оспанов, А.А.Омарованың хатшылығымен, мемлекеттік айыптаушы – прокурор А.Б.Хасенов сотталушы Ж.А.Алтыновтың, қорғаушы-адвокат С.М.Қалиевтің қатысуымен ашық сот отырысында қылмыстық істі келісімдік іс жүргізуде қарады, ол бойынша:

Жандос Ақылұлы Алтынов 1962 жылы 13 қыркүйекте Қарағанды облысында туған, ҚР азаматы, қазақ, үйленген, орта білімді, бұрын сотталмаған, «Алтынов» шаруа қожалығының иесі, Жезқазған қаласы, Сауда кешесі, 11-үй тұрғыны, сот отырысының өтетін жері мен басталатын уақыты туралы хабардар етілген, ҚР ҚК-нің 287-бабының 3-бөлігінде көзделген қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны үшін сотқа берілген.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Сотталушы Ж.А.Алтынов Абау аудандық прокурорымен кінәні мойындау туралы процесстік келісім жасасу өтінішхатын мәлімдеп, төмендегідей процесстік келісімге келген.

Сотталушы сотта келісімдік іс жүргізуді талқылау кезінде кінәсін толығымен мойындауды, келтірілген күдікке, айыптауға және жасалған қылмыс туралы істегі бар дәлелдемелерді келісуге келтірілген зиянның сипаты мен мөлшеріне келісетінін, қылмыстық іс бойынша сот сараптамасына жұмсалған сот шығындарын төлеуге, ал, прокурор сот алдында ол туралы өтінішхат бергенде, сотталушы Ж.А.Алтыновты ҚК-нің 287-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, 2 жыл мерзімге бас бостандығына шектеу түрінде жаза тағайындауды сұраған.

Ж.А.Алтынов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 287-бабы 3-бөлігімен көзделген орта санаттағы қылмысты жасаған, яғни, атыс қаруын заңсыз сақтаған.

ҮАЖДЕУ БӨЛІГІ:

Сот отырысында сотталушы өзінің кінәсін толық мойындап, процесстік келісімге келісетінін көрсетті. Прокурор сотталушыға процесстік келісімде көрсетілген жаза мен пробациялық бақылау тағайындауды сұрады.

ҚК-нің 55-бабы 3-бөлігінің талаптарына сәйкес, жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру істері, сондай-ақ процесстік келісімнің барлық шарттары орындалған, қылмыстық құқықбұзушылық үшін жазаның негізгі түрінің мерзімін немесе мөлшерін осы Кодекстің ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген мөлшердің жартысынан асыруға болмайды.

Жаза тағайындағанда сот, жоғарыда көрсетілген сотталушының жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайлардың жиынтығын және оның қылмыстық құқықбұзушылықтан кейінгі іс-әрекеттерін, оған ҚК-нің 287-бабының 3-бөлігінде көзделген жаза түрін, бас бостандығына шектеу түрінде жаза тағайындау жеткілікті деп санады.

Айғақ заттарды Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 118-бабының тәртібімен шешіледі. Сот сараптамаларын өткізуге кеткен процесстік шығындарды сотталушы төлеген.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ҚПК-нің 395-398, 626, 627-баптарының талаптарын басшылыққа алып, сот,

ҮКІМ ЕТТІ:

Ж.А.Алтыновты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 287-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танып, оған ҚК-нің 55-бабы 3-бөлігі негізінде 2 жыл бас бостандығына шектеу түрінде жаза тағайындады. Тағайындалған жазаның барлық мерзіміне пробациялық бақылау белгіленсін.

Сотталушы жазаны өтеуден жалтарған жағдайда, бас бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімі қал сол мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстырылатыны ескертілсін.

Ж.А. Алтыновтан Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 98-1 және 98-2 бабы, Қазақстан Республикасының «Жәбірленушіге өтемақы қоры туралы» заңының 10-бабы 2-бөлігінің талаптарына сәйкес өтемақы қорына он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни, 37 875 (отыз жеті мың сегіз жүз жетпіс бес) теңге, мәжбүрлі төлем өндірілсін.

Үкімге наразы тарап Қарағанды облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына Абау аудандық соты арқылы үкім жария етілген күннен бастап он бес тәулік ішінде апелляциялық шағым беруге және прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья

А.Оспанов